

**«Ақерке» бөбекжай» КМҚК-ның
педагогикалық кеңесінің
№2 хаттамасынан үзінді**

Тақырыбы: «Ақерке» бөбекжай» КМҚК-ны мемлекеттік аттестаттациядап өткізу туралы

Күні: «25» қараша 2025 ж.

Өткізілген орны: «Ақерке» бөбекжай» КМҚК

Қатысқандар: 13

Төраға: директор Жылкыбаева К.О.

Хатшы: тәрбиеші Серік Г.Б.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен таныстыру.
2. Өзін-өзі бағалау комиссиясын құру.
3. Өзін-өзі бағалау жұмыс жоспарын бекіту.

I ТЫНДАЛДЫ: Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен таныстыру.

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай директоры К.Жылкыбаева сөз алды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен таныстыра отырып, бөбекжайда «Қарағанды облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 07 қарашада бекітілген мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде өзін-өзі бағалау жүргізілетінін айтып өтті.

Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау жүргізілетінін, сонымен қатар бағаланатын кезең бұрын өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы осы бақылау басталғанға дейінгі бір ай болып табылатынын және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптарды, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті

стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығы, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 7 бұйрығы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығы, Мектепке дейінгі ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы, Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы, Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрықтарына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асырудың орындалуы басты назарда болатыны айтылды.

Бөбекжайда өзін-өзі бағалау кезеңі 2026 жылдың ақпан айында жүргізілетінін және бағалау кезеңіне 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары мен 2025-2026 оқу жылының қыркүйек пен желтоқсан айларына дейінгі аралықтар қамтылатынын атап өтті.

II ТЫҢДАЛДЫ: Өзін-өзі бағалау комиссиясын құру

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай директоры К.Жылкыбаева өзін-өзі бағалау үдерісін ұйымдастыру мақсатында комиссия құру ұсынды. Құрамына әкімшілік, әдіскер, педагогтар және басқа да мамандар енгізу ұсынылды.

Комиссия төрайымы: К.О.Жылкыбаева - директор

Комиссия мүшелері: А.А.Назирова - әдіскер

Г.С.Касымбекова – педагог-психолог

А.Б.Жаксылыкова - шаруашылық меңгерушісі

Л.В.Зубарева - бухгалтер

Хатшы: Г.Б.Серік - тәрбиеші

III ТЫҢДАЛДЫ: Өзін-өзі бағалау жұмыс жоспарын бекіту.

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай әдіскері А.А.Назирова сөз сөйлеп, білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы негізінде бағалау кезеңдеріндегі құжаттардың қамтылуын, жұмыстарын жүйелі жүргізу үшін құрылған жұмыс жоспарымен таныстырып, бекітуге ұсынды. Өзін-өзі бағалау комиссиясының жылдық жұмыс жоспары жобасы талқыланды. Жоспарға ішкі бақылау, құжаттарды талдау, сұхбат, сауалнама, мониторинг жүргізу мерзімдері енгізілгені айтылды.

Педагогикалық кеңес шешімі

1. №486 бұйрықтағы талаптарды білім беру ұйымының жұмысында басшылыққа алу.

2.. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау комиссиясы төмендегідей құрамда бекітілсін.

Комиссия төрайымы: К.О.Жылкыбаева - директор

Комиссия мүшелері: А.А.Назирова - әдіскер

Г.С.Касымбекова – педагог-психолог

А.Б.Жаксылыкова - шаруашылық меңгерушісі

Л.В.Зубарева - бухгалтер

Хатшы: Г.Б.Серік - тәрбиеші

3. Өзін-өзі бағалау комиссиясының 2025 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілсін (жоспары қоса тіркеледі).

Бөбекжай директоры



К.О.Жылкыбаева

Хатшы



Г.Б.Серік